



*Бәріне қанағат қыл да,
адал еңбек қыл.
Шәкәрім Құдайбердіұлы.*

Мемлекет пен қоғамның іргесін сөгіп, ілгерілеуіне кедергі келтіретін сыбайлас жемқорлықпен күрес - күн тәртібінен түспек емес. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қоғамның бұл ауыр «кеселімен» күресуге айрықша мән беріп, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыруды мақсат етіп отыр.



зы болып шулық Қанағат Ерғалиұлы атанса, 2022 жылы бас жүлдені Қыземшек кентіндегі Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектеп оқушысы Бейбарыс Әлижанұлы Бәйгебай иеленді. Бұл байқау жеткіншектердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық санасын қалыптастыруда маңызды рольге ие болады деп есептейміз. Жас дарындардың туындыларының жұртқа да әсері зор болары сөзсіз. Осы себептен конкурс биыл да жалғасын таппақ.

Елімізде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік те қатаңдатылған. Ауыр және аса ауыл сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдар шартты түрде мерзімінен бұрын босай алмайды. Ал сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар өмір бойы мемлекеттік қызметке жұмысқа тұра алмайды. Мемлекеттік орган басшыларының қарамағындағы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлығы үшін дербес жауапкершілігі болады, яғни, бағынысты қызметкерлерінің біреуі қылмыс жасаған жағдайда отставкаға кетеді.

Осындай кең ауқымды жұмыс-

БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ ҮШІН

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын ұлттық халықаралық практиканы ескере отырып, ұдайы жетілдіріп келеді.

Мәселен, 2015 жылы замана талабына сай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң қабылданды. Жаңа заңда жемқорлықтың салдарымен емес, себептерімен күресуге, яғни, коррупцияның алдын алуға және оның кез-келген көрінісіне төзбеушілік жағдайын қалыптастыруға басымдық берілген.

Сондай-ақ Президентке ғана бағынып, есеп беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. Қазіргі таңда бұл мемлекеттік органның атқарған жұмыстары өз тиімділігін көрсетіп отыр. Қазіргі таңда Агенттік жағымсыз құбылыстың салдарымен емес, себептерін анықтап, алдын алуға басымдық береді, яғни, превенциялық бағыттағы жүйелі іс-шараларды іске асырып келеді.

Сонымен қатар 2015 жылы тағы бір жаңа құжат – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заң қабылданды. Бұл заң да қоғамның сұраныстарына қарай жетілдірілді. Бұл заңға сәйкес мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көштік. Ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері жолға қойылды. Командалық ауысулар үшін «қолайлы жағдайлар» жойылды, мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс тиімділігін бағалау тетігі жаңғыртылды, жұмыс нәтижелеріне қарай еңбекке ақы төлеу жүйесі енгізілді. Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарда

Әдеп жөніндегі уәкіл институты құрылды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сай азаматтық қоғам өкілдері мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесіне белсенді түрде араласып келеді. Қоғамдық кеңестердің, әкімдіктер жанындағы консультативті органдардың құрамына қоғамдық ұйымдар өкілдері енгізілген. Мысалы, Созақ аудандық Қоғамдық кеңесі құрамының үштен екі бөлігі үкіметтік емес ұйымдар қатарынан. Әкімдік жанындағы түрлі комиссиялар мен кеңестердің құрамына қоғамдық бірлестіктер өкілдері енгізілген.

Еліміздегі қоғамның барлық салаларын цифрландыру барысы да сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға сеп болып отыр. Ашық деректердің «Ашық үкімет» электрондық платформасы құрылды. Бұл платформа арқылы ел азаматтары нормативтік құқықтық актілер мен бюджет жобаларын талқылауға, ашық статистикалық деректермен танысуға, әкімдермен және басқа да мемлекеттік органдарға өздерін толғандыратын мәселелермен жүгінуге мүмкіндік алды. 2021 жылы қолданысқа енгізілген «Е-өтініш» арнаулы сервисі де азаматтарға өздерінің өтініштерінің орындалуын электронды режимде қадағалап отыруларына жағдай жасады.

Еліміздегі «электронды үкіметтің» дамуы ауыз толтырып айтарлықтай деңгейге жетті, бұл жөнінен ерекше мақтанышпен айта аламыз. 2022 жылдың қорытындысы бойынша БҰҰ-ға мүше елдердің арасында 28-орынға жеткен, ал ТМД елдері арасында оқ бойы озықпыз, Азия елдері арасында 6-позицияда тұрмыз. «Электронды үкіметтің» дамуы елдегі

сыбайлас жемқорлық деңгейіне тура пропорционал әсер ететіні сөзсіз. Сондай-ақ ел азаматтарының цифрлық сауаттылық деңгейі артып, «Халыққа қызмет көрсету» орталықтарынан гөрі «e-gov» порталын жиі пайдаланатынын байқаймыз соңғы мезгілдерде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті көтеру, парасаттылық идеологиясын ілгерілету бағытында елімізде ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың мақсаты – елдің бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру. Осы мақсатта ауданымызда біраз жұмыстар атқарылады. Мемлекеттік мекеме басшыларының мақалалары «Созақ үні» газетіне басылады және мемлекеттік мекемелердің «сенім телефондары» да баспасөз бетіне жарияланып отырады. Жыл сайын жергілікті бюджеттен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында қаржы бөлініп, барлық ауылдық округтер мен кенттерде халықтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағытында кездесулер ұйымдастырылып келеді. Сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында аудандағы сыбайлас жемқорлық деңгейін анықтау тақырыбында социологиялық зерттеу жүргізіледі. Зерттеу нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа бейім деп анықталған салалар қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп, оларды жемқорлық тәуекелдерінен сақтандыру бағытында жұмыстар жүргізіледі.

2021 жылдан бастап оқушылар мен жастар арасында «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет байқауы өткізіле бастады. Сурет конкурсының 2021 жылғы жеңімпа-

тардың нәтижесінен 2022 жылдың қорытындысы бойынша **Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне** Қазақстан ықтимал 100 баллдан 36 балл жинап, 180 елдің ішінен 101 орынға орналасты. Бұл жөнінен Орта Азияда көш басында тұрсақ, ал посткеңестік мемлекеттер арасында Эстонияны (74 балл, 14-позиция), Литваны (62 балл, 33-позиция), Латвияны (59 балл, 39-орын), 39 баллмен 91-позицияны өзара бөліскен Беларусь пен Молдованы алға жібереді екенбіз.

Бұдан 5 жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда Қазақстан 21 орынға алға жылжыған. Ал 2012 жылы 28 баллмен 133-позициядан көріндік.

Көріп отырғанымыздай халықтың құқықтық сауатының артуы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің нығаюы арқасында қоғам дертін жоюға батыл қадам басып келеміз.

Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды. Бұл келеңсіз құбылысты жойып, өскелең ұрпаққа бақытты болашақ сыйлау үшін әлде де болса табанды күрес жүргізу қажет. Ол үшін әрбір азамат өзінен бастап бойында парасаттылық қағидаларын берік қалыптастыруы, өз отбасында адал, патриот, мал-мүлікке емес, оқу-білімге құштар ұрпақ тәрбиелеуі, өзінің құқықтық мәдениет деңгейін ұдайы жоғарылатып отыруы және сыбайлас жемқорлықтың қандай да болсын көрінісіне бей-жай қарамай, жүрегімен жек көруі тиіс.

Ұрпағымыздың бақытты болашағы өз қолымызда!

Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.

ТҮЛЕКТЕР ЕСТІ ЕСТЕЛІК ҚАЛДЫРДЫ



Жалпы аудан көлемінде жыл сайын мектеп бітіргендерден бастап, мектеп бітіргендеріне он, жиырма, отыз, қырық жыл болған түлектер бас қосады. Олар өздерін кезінде тәрбиелеп, ержеткізіп, бойжеткізіп, білім берген мектептеріне, ұлағатты ұстаздарына, өсіріп, қанат қақтырған ауылдарына, талай жылдар асық ойнап, доп қуалаған кешелеріне перзенттік парыздарын өтеу мақсатында ортадан қаржы жинақтап өз қалтаңбаларын қалдыруда. Сондықтан мектеп түлектері ойға алған мақсаттарын, тың ұсыныстары мен жобаларын алдымен ауыл әкіміне көрсетіп,

ауылдағы салтымыз бен дәстүрімізден хабары мол ақылман қарияларымыздың алдынан өткізіп, ақыл кеңестерін тыңдап жатады. Сондай есті естелік бүгін Шолаққорған ауылындағы орталық стадионда Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебін 2003 жылы бітірген түлектердің ұйымдастыруымен ауданның балғын палуан балалары арасында қазақ күресінен, үлкендер арасында қазақ күресінен түйе палуандар аудандық турнир және арқан тарту спорт түрінен сайыс өткізді. Таңертеңнен басталған шара кеш бата мәресіне жетті. Сондай-ақ

1986 жылы туылып 2003 жылы аталмыш мектепті бітірген түлектер өздерінің сыныптас-тары, «StuLe BR» тобының әншісі, ауданнан шыққан тұңғыш саксофоншы, марқұм Бауыржан Қошанұлы Бегімбетовтің рухына бағыштап ас беруді де ұйымдастырыпты.

Аталмыш шараға аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков арнайы қатысып, өзінің жүрекжарды ыстық ықыласын білдірді. Шараға сондай-ақ, ауыл әкімі Әділ Елібаев, мекеме, бөлім басшылары, Бауыржанның мектептегі, өмірдегі, өнердегі ұстазы Байділда Айдарбековтер қатысты. Бауыржанның анасы Пәрдеш апай сүйікті ұлын еске алып, рухына бағыштап ас беріп жатқан баласының достарына, ауылдастарына аналық ақ алғысын айтты.

1986 жылы туылған түлектер өздерінің 20 жылдық кездесуін мәнді өткізді деп ойлаймын. Ең бірінші кезекте осындай бастамаларды қолдаған аудан әкіміне ауыл жұртшылығы ыстық ілтипаттарын жеткізіп жатты. Ауылдың қариясы Алтаев Тайыр ақсақал жастарға аталық батасын берді. Жалпы, өнегелі шара ауыл тұрғындарының жылдар бойы айта жүретін ұлағатты шарасына ұласты.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



Жол сапасы партия бақылауы назарында

Шолаққорған-Созақ-Ыбырай, Созақ-Қарақұр, Шолаққорған-Құмкент бағытындағы автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарына Түркістан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының жауапты маманы Ж.Садыхан-ның, «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаевтың, Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақовтың, жол жөндеу жұмыстарына техникалық қадағалаушы Е.Қалменовтың және «Оңтүстік жолдары» МКК Созақ аудандық бөлімшесінің бастығы С.Төлеевтің қатысуларымен бақылау жұмыстары жүргізілді. Шолаққорған-Таукент бағытындағы жолдарды жөндеуге жауапты «Нур-Строй ЛТД» ЖШС жұмысымен танысу барысында біршама шақырым жолдарға асфальттан 2 қабат жабын төселгені, ескі асфальт жолдары қайта қырылып, жол төсемге дайындық жүргізіліп жатқаны, Таукент- Созақ бағытындағы жолдарға «Шымкентдорстрой» ЖШС жолдарға асфальт төселіп, жолдарда пайда болған шұңқырлардың жөнделіп жатқаны анықталды. Қайнар елді мекеніндегі талдардың бойындағы жолға сапасыз төселген асфальт жабындары қайта қырылып, жаңадан төселетін болып шешілді. Қарақұр- Қаратау бағытындағы жолдарда пайда болған ой-шұңқырларға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Ынтымақ-Жуантөбе-Тасты-Шу, Шолаққорған-Құмкент бағытында жалғасатын болады. Жөндеу жұмыстарымен танысу барысында Шолаққорған-Құмкент бағытындағы жолдарға әліде диаметрі 720 мм, 1000 мм, 1500 мм трубаларының орнатылмағаны анықталып, жол жөндеу жұмыстарының сапасына көңіл бөлу жөнінде Түркістан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының жауапты маманы Ж.Садыханға ұсыныстар айтылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тасты ауылдық округ әкімі лауазымына тіркелген кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыратын орындары және кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

қ/с	Әкімшілік атауы	Елді мекен	Үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар	
1	Тасты ауылдық округі әкімі аппараты	Тасты Қылти	«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Абай атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы тақтайша Қылти елдімекеніне кіре берісіндегі тақтайша	
қ/с	Әкімшілік атауы	Елді мекен атауы	Жиындар өтетін күні, уақыты	Жиындардың өтетін орындары
1	Тасты	Тасты	06.06.2023 жыл сағат 11:00 де	Тасты учаскесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Абай атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
		Қылти	06.06.2023 жыл сағат 15:00 де	Қылти учаскесі «Тасты ауылдық округі емханасы» Қылти елдімекеніндегі ФАП

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 18 маусымға тағайындалған Тасты ауылдық округіне әкім лауазымына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Ұсыну тәсілі	Тіркелу күні
Тлеулинов Манас Бейсенбаевич	12.11.1975 ж	Тасты ауылдық округінің әкімі, Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, А.Иманов көшесі №8 үй	«AMANAT» партиясының ұсынуымен	26 мамыр 2023 жыл
Асылбеков Самат Бәйділдәұлы	26.09.1982 ж	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қарақұр» жалпы орта мектебі. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр елді мекені, Наурыз көшесі	өзін-өзі ұсыну бойынша	27 мамыр 2023 жыл
Шекербәев Бауыржан Зәйнәдінұлы	01.01.1980 ж	Әскери есеп столы жөніндегі бас маман, Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Ж.Қаламбаев көшесі №1 үй	өзін-өзі ұсыну бойынша	27 мамыр 2023 жыл

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



«Елім-ай» әнінде Қазақ пен Созақтың рухы жатыр

Қайсыбір жылдары «Абай» журналында жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының, Еуразия Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық Шығысхан академиясының академигі Жәди Шәкенұлының «Елім-ай» дастаны туралы әңгімесі жарияланды. Оның алдын осы «Елім-ай» әні туралы жергілікті тарихшы, ұстазым Дулат Тұрантегімен көзі тірісінде әңгіме дүкен құрған кезімде Қожаберген жыраудың туралы айта келіп, Дүкең маған Созақ өңірінде Аяз би дүниеге келген. Ол да сол Қожаберген жыраудың дастандарында айтылады. Соны зерделеп көрші деген болатын. Ал «Елім-ай» әнінің авторы Қожаберген жырау екенінде дауым жоқ деген еді. Қаратау бөктерінде, кешегі ақтабан шұбырындының кезінде дүниеге келгені даусыз. 1710 жылы жаз айының аяғында өз еркімен ордабасылық қызметтен босаған Қожаберген батырды кезінде өзін тәрбиелеп өсірген ағасы Қарабас тархан жасы ұлғайғанын айтып, өз орнына Орта жүз Керей-Уақ елдеріне шора сайлатады. Сөйтіп, Толыбай сыншы ұлы жырау өз ағасының орнына шора болып, 1710-1723 жылдар аралығында өз жұрты Керей-Уаққа басшы болыпты. Ол 1723 жылы көктемде Сыр бойында мекен еткен Кіші жүздегі қайын жұртына қонаққа аттанарда елжұртының игі жақсыларын жиып, мәжіліс өткізіп, өзі ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына ағасы Қарабас тарханның үлкен баласы Асқап сардарды Керей-Уақ елдеріне шора сайлатады. Толыбай сыншы ұлы жырау – 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан өткеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған қарт баһадүр. Сол аса қатерлі сапарда ол Науан, Әсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі атқосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айырылып, бәйбішесі екеуі әрең дегенде көппен бірге жау қоршауын бұзып өтіп, аман құтылады.

«Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімін Қожаберген ақын сол қоршауда тұрған кезінде шығарыпты. «Елім-ай» атты өлең де, жыр да, ән де әр кезеңде дүниеге келген. Соның ішінде 1723 жылғы «Елім-ай» әнін, дастанын шығарған – Толыбай сыншы ұлы жырау. Мысалы, «Елім-ай» атты өлең Міржақып Дулатовта да бар. Ал «Елім-ай» деген дастанды халық ақыны, әдебиетші, ғалым, белгілі әнші Тұрсынхан Әбдірахманова да жазған. Әдебиет-

те бір-бірімен аттас әндер, күйлер, жырлар жиі кездеседі. Бірақ оларды бір бірімен шатастыруға әсте болмайды.

Ақындықта Қожаберген жырауға Дәстем сал, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Жанкісі (Көшебе Керей) жыраулар шәкірт болып, одан үлгі-өнеге алса, батырлықта Бақ сары, Бөгенбай, Жәнібек (Кіші Арғын) үшеуінен бастап, Бөкенбай Мергенұлына (1717-1758) дейінгі батыр атаулы сол Толыбай сыншы ұлы ордабасыға шәкірт болып, одан тәлім-тәрбие алыпты.

Толыбай сыншы ұлы жыраудың «Елім-ай» дастаны – бір нұсқалы жыр. Оның кейбір сөздері ауыздан ауызға көше жүріп, өзгеріске ұшырағанына қарамай, әркімдердің қолында жүрген үзінділерін сол дас-

тасқа басылған тарихи жазбаларда жеткілікті.

Осы орайда ең әуелі ән авторы – Қожабергеннің кім екеніне азырақ тоқтала кетейік. Сосын екінші Қожабергенге аялдаймыз. Толыбай сыншы Арқадағы Керей руының басшысы, атақты әскер басшысы болған. Сонымен бірге ол алдағыны болжайтын көреген, адамды да, атты да, құсты да сынайтын сыншы, қара қылды қаң жарған әділ би, айыр көмей, жез таңдай шешен, ат сүрінгенше ақыл табатын дейтін адам болған. Күлтөбеде көп жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып, ордабасы-баһадүр деп атанған. Шешендігін, әділдігін, сыншылдығын кезінде бүкіл қазақ халқы қадір тұтқан. Толыбай сын-



танның өзге нұсқалары деп теріс түсінуден аулақ болайық. Егер сол үзінділерді бөлек нұсқа деп, керісінше ұғынып жүрген адамдар әркімдердің қолында жүрген үзінділерді жинап әкеп, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінің толық нұсқасымен салыстырса, олардың «Елім-ай» дастанының бірінші бөлімінің ел ішінде шашырап жүрген үзінділері екенін анық аңғарар еді.

«Елім-ай» әні сөз болғанда көптеген басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары оны күні бүгінге дейін халық әні ретінде қарап келеді. Бірақ басы ашық өнер туындысының Қожаберген жыраудікі екенінде еш күмән жоқ. Әпсәнаңыздарды айтпаған күннің өзінде

шыдан – 23 бала туған. Толыбай сыншының ең кенже баласы Қожаберген жыраудың өмірі жайлы Шаймұрат Смағұлов, Қосыл Омаров, Қаратай Биғожин бастаған қаламгерлер баспа беттерінде аз жазған жоқ. Белгілі жазушы Н.Әбуталиев «Ордабасы Қожаберген» атты монография жазып, 1995 жылы «Жеті жарғы» баспасынан кітап етіп шығарған.

Бір жақсысы, Қожаберген жырау өзінің өмірдегі өлеңмен жазып кетіпті. «Елім-ай» дастанында: Адам деп өз бойына өнер жиған, Ел-жұртым деп атайды мені имам. Жорыққа он жетімнен араласып, Болғам жоқ молда, софы, қожа, ишан...

Тіліне араб-парсы болдым жетік, Оны да қолданбадым өнер етіп. Көрші елге елшілікке ылғи барып Мен жүрдім қазағыма қызмет етіп. Жорықта 45 жыл ғұмырым өтті. Орта жас ол да мені тастап кетті. Ит қалмақ соғысуға душар етті, Болмаса ақсақалдық кезім жетті. Жасынан ер жүрегі шерге толған Халқына қартайғанда қорған болған

Қиналып қысылғанда жыр шығарған,

Керейде Қожаберген бабаң болам, – деген жолдар бар.

Қожаберген жыраудан қалған әдеби мұралар да аз емес. «Елім-ай!», «Баба тіл», «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Ер Қойлыбай», «Қорқыт баба», «Асан ата» сияқты дастандары, «Ақсауыт», «Ғасыржас», «Дүние», «Жігіттік» т.б. толғаулары, «Қарғыс атқан қалмақ-ай!», «Шоңғал,

шоңғал, шоңғал тас», «Сылаң Сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың қоштасуы», сияқты өлеңдері, «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Сұлама» сияқты күйлері бар. Қожаберген туралы сөз болғанда филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы «Қожаберген жырау» атты кітапқа жазған алғы сөзінде былай дейді: «Шындығын айтсақ, Қожаберген мұрасын, өмір жолын ғылыми зерттеу жұмысының жүйелі түрде қолға алынуы еліміздің тәуелсіздігіне қол жеткен кезден басталды. Осы тұста әдебиетші – ғалым Төлеш Сүлейменовтың, атыраулық Нәбиден Әбутәліевтің «Сегіз сері» (1991), «Ордабасы Қожаберген» (1995) жинақтарын айрықша еске алу керек. «Елім-ай» жинағын шығарған Мәдина Дастанованың «Жырлары қазақ жұртын елжіреткен» деген еңбегі де құнды зерттеулердің бірі. Қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасы жанындағы «Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы» деп аталатын ғылыми зерттеу тобы 1991 жылдан осы тақырыпта тұрақты жұмыс істеп келеді. «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деп аталатын еңбектің бірінші томында, «Қожаберген жырау (1663-1763 ж.ж.)» атты арнайы тарау беріліп, Қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет «Елім-ай» әнінің авторы жөнінде бірқыдыру мәлімет берілген». Ғалымдардың пайымынша: «Қаратаудың басынан көш келеді...» гимнінің алғашқы нұсқасы 16 жол көлемінде 1875 жылы «Записки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества»ның 3 кітабының 253 бетінде жарияланған екен. Екінші рет, 1932 жылы «Билер дәуірінің әдебиеті» деген атпен Сәкен Сейфуллин өзінің атақты оқулық-хрестоматиясында «Елім-ай»ға орын берген, 20 жол. («Қазақ әдебиеті» I-бөлім, 1932 ж.). Қожаберген жырау туралы Ыбырай Алтынсариннің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Сұлтанмахмұттың мұраларында да айтылған. Ыбырай 1879 жылы өзінің қазақ хрестоматиясында 1896 жылы «Махтубатында» Керей Қожаберген жыраудың атын атап, өлеңінен үзінді келтірген. Мәшһүр Жүсіп: – «Елім-ай» әні менен жыры тағы, шығарған Қожаберген бабаңды сүй, – деп жазған.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі.

Еңбектерін елге



Балалық шақтың қызықты шақтарын бірге өткізген оқушылық кезеңге өмірде ешнәрсе жетпейді. Алаңсыз арман қуған сол күндер кім-кімге болсын ыстық әрі қимас сәттер ғой. Ең алғаш білім табалдырығын имене аттап, бірінші сыныпқа барасың. Одан көздері жәудіреген кіп-кішкентай балаң ойлы сыныптастарымен танысасың. Өміріңде тұңғыш рет оқушы атанып, қолыңа әліппе ұстайсың. Қандай керемет! Ұстаз алдынан дәріс алып, өзіңді бақыт құшағында жүргендей сезінесің. Он жыл бойы партада отырып, білім аядынына жүзесің. Сыныптас қыздардың қолынан ұстап, арман жетегіне қалықтайсың.

Бұдан жетпіс жыл бұрын бір топ сарыауыз балапандар Құмкент ауылындағы Қ.Сәтбаев атындағы мектептің бірінші сыныбына барған. Сонда әліппенің бірінші парақтарын ашқан. Мұғалім деген асыл тұлғаның алдында партада қаздай тізіліп отырған. Ерекше ықыласпен ағайларының дәрісін тыңдап, бойларына сіңірген. Уақыт өте бүлдіршін балалық шақ өтіп, есею кезеңіне аяқ басарсың. Он жыл бірге тай құлындай тебісіп, бірге өткізген оқушылық дәурен де аяқталар. Үлкен өмірге қанат қағарсың. Білім алған қасиетті ұядан түлеп ұшарсың.

Құмкент ауылындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепті 1963 жылы бітірген тұлғалар бас қосуы болады деген хабарландыруды оқыған сәтте сыныптастардың жүректері лүпілдеп, толқығаны рас. Кездесу күні белгіленіп, қауышар шақ та жақындап келеді. Сол кездегі тұлғалар бұл күндері еліміздің дамуына өркендеуіне үлкен үлес қосып жүрген азаматтар. Рас өмір болғаннан кейін бәрі болады. Біраздары келместің кемесіне мініп кете барды. Өкінішті-ақ.

Нұртаев Спандияр (марқұм) бұрынғы Шаян ауданындағы телерадио торабында оператор болып еңбек жолын бастаған. Өзбекстандағы байланыс институтында оқыған. 1976-77 жылдар Арыс, Түркістан аудандарында, кейін Шәуілдір ауданында бас инженер, аудандық телерадио торбаның бастығы қызметтерін атқарған.

1986-1997 жылдары Шардарада, 1987-1990 жылдары Созақ аудандық телерадио торабын басқарған. Қазақстан Республикасы телерадио саласының озық қызметкері белгісімен, 2011 жылы Созақ ауданының Құрметті азаматы атағын алған. Бір ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген.

Болтаева Аманкүл 1963-1966 жылдары Құмкент кеңшарында комсомол-жастар бригадасының жетекшісі, 1963 жылдан КПСС мүшесі болған. Алматы қаласындағы АЗВИ-дің күндізгі бөлімінде оқыған. Осы оқу орнында зоотехник-селекционер мамандығын алған. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен ауылына комсомолдық жолдамамен барып, өмірлік жары Дінісламмен шаңырақ көтеріп, кеңшар комсомол ұйымының хатшысы, кеңшар партком хатшысы, 1990 жылдан ауыл әкімі қызметтерін атқарған. Бірнеше мәрте мемлекеттік наградалар иеленген. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін алған.

Аманкүл Болтаева ақынжанды қыз болатын.

Қожатаев Рахмаш 1963-1965 жылдары аралығында Құмкент совхозында түрлі жұмыстар істеген.

1963 жылы сырттай оқуға түсіп, 1968 жылы 2 курстан күндізгі бөлімде жалғастырып, бітірген. Оқып жүргенде екі жыл әскер қатарында болып келген.

1976 жылы Петропавлскі облысының Черкасы кеңшарында зоотехник-селекционер, ЦОФ-да бригадир, кейін Созақ ауданы Жуантөбе ауылында зоотехник-селекционер, зейнеткерлікке шыққанға дейін Құмкент кеңшарында әртүрлі жұмыстар атқарған.

Жанұясында 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген.

Сейітжаппаров Оңалбек -1963 жылы Алматы зоовет институтына сырттай қабылданған. Сол жылы Созақ ауданындағы СПТУ-да оқыған. Трактор жүргізушісі машинист мамандығын алған. Кәсіптік техникалық училищені бітірген соң Құмкент совхозында механизатор болған. Кейін Шымкент педагогикалық институтының математика факультетін бітірген. Қ.Сәтбаев мектебінде мұғалім, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, кеңшарда кассир, бухгалтер болған.

Сейтмаханов Әліпбек мектеп бітірген жылы Алматы зоовет институтына сырттай оқуға түскен. Институтты зоотехник-селекционер мамандығын бойынша бітіріп, кеңшардағы комсомол жастар бригадасында еңбек еткен. 1968 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, Қ.Сәтбаев жанындағы интернат меңгерушісі, мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі оқу ісінің меңгерушісі болып, қызметтер атқарған. Кейін кеңшардың гаражында бухгалтер, қойма меңгерушісі, кеңшар тараған кезде Құмкент кооперативінде ферма меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Әліпбаев Арын Созақ ауылындағы СПТУ-дың трактор-жүргізушісі-механик факультетін бітірген. Еңбек жолын кеңшарда механизатор болып бастаған. Кейін Сарыағаштағы зооветтехникумын бітіріп, зоотехник болған. Кейін жанұя жағдайымен Жаңатас қаласына ауысып, өндірісте істеген.

Айтуғанов Оңғар Созақ ауылының СПТУ-ін бітірген. Кеңшарда механизатор болған. Кейін Ташкенттегі политехникалық институттың инженер-механик факультетін бітірген. Арыс ауданындағы Сүткент кеңшарында механик, Созақ ауданы Тасты кеңшарында МТМ меңгерушісі, Жаңатас қаласында өндірісте инженер, Шу кеңшарының бас инженері, зейнетке шыққанша Қыземшекте автотөлем инженер қызметтерін атқарған.

Жанұяда 3 ұл, 1 қызы бар. Қызы педагог.

Қанетов Бұзау мектеп бітірген соң ауылда қалып, зейнетке шыққанға дейін қырылыста жұмыс істеген. Кеңшардағы қырылыста Бұзаудың қолы тимеген жер жоқ. «Тұрғын үй-

91» қырылыс бригадасында жемісті еңбек еткен. Осы бағдарламаны іске асыруға көп үлес қосқан. Жанұясында ұл-қыз тәрбиелеп өсірген.

Тілесов Күнтубай мектеп бітірісімен кеңшарда жылқышы болған. Кейін Шымкент педагогикалық институты жанындағы 2 жылдық неміс тілі курсына оқыған. Алматыдағы орта арнаулы милиция мектебін бітірген. Шардара ауданында ішкі істер бөлімінде қызмет атқарған. Сондай-ақ, Кентауда, Сарыағашта орманда қызмет жасаған. Милиция подполковнигі. Отбасында ұл-қыз тәрбиелеп өсірген.

Сатыбалдиева Такура Түркістанда педучилище бітірген. Зейнеткерлікке шыққанша бастауыш сынып мұғалімі болған. Шәкірттерге саналы тәрбие, сапалы білім беру жолында еңбек еткен.

Қазір Шымкент қаласында тұрады. Еңбегінің зейнетін көріп отыр.

Сақтапбергенов Асылхан мектеп бітіргеннен кейін кеңшарда еңбек еткен. Кейін Жамбыл гидромелоративтік институттың гидролог мамандығы бойынша тәмамдаған. Ауданымыздағы су шаруашылығы мекемесін басқарған. ПМК-да жол және жер асты суларына суландыру бөлімін басқарған. Өмірінің соңына дейін Жаңатаста жол бөлімін басқарған.

Ершаев Кабир Алматыдағы зоотехникалық институтқа сырттай қабылданған. Кеңшарда жұмысшы, автокөлік жүргізушісі болған. Кеңес әскері қатарында қызмет еткен. Ата кәсіп мал шаруашылығында шопан болған. Кейін кеңшарда автокөлік жүргізушісі болып еңбек еткен.

Қазіргі таңда Құмкент ауылында тұрады. Елдің батагөй қариясы. Жастарға тағылымды үлгі көрсетіп жүр. Елдің қадірлі қариясы.

Баженов Серікбай мектеп бітіріп, АЗВИ-ға оқуға түскен. Өндірістен қол үзбей жүріп оқып, кеңшарда трактор жүргізген. Кейін кеңшарда комсомол ұйымының хатшысы, ірі қара фермасының меңгерушісі болған.

Махатов Айшыбек Созақ ауылындағы СПТУ-ды бітірген. Кеңшарда механизатор болған. Ұзақ жыл Тасты кеңшарында автокөлік жүргізушісі болып, еңбек еткен.

Тәжібаев Шалдар еңбек жолын шопан болып бастаған. Өзбекстандағы жоғарғы оқу орнына түскен. Кейін сырттай ауысып, ұзақ жыл кеңшарда спорт нұсқаушысы болды. Кейін жанұя жағдайына байланысты түрлі жұмыстар атқарды. Еңбек ардагері болатын.

Нұртаев Амандық мектеп бітірісімен кеңшарда жұмысшы болған. Кейін Жаңатас қаласында өндірісте жұмысшы болып, еңбек еткен.

Сәуірбеков Ануар мектеп бітірген жылы №2 фермаға көмекші бухгалтер болған. 1964 жылдан автокөлік жүргізушісі болып жұмыс істеген. Соңғы жылдары Жаңатас қаласында өндірісте шофер болып еңбек еткен.

Жүнісбекова Кенішкүл 1963 жылы сырттай АЗВИ-ға қабылданған. Үш жыл комсомол жастар бригадасында мал бағумен айналысқан. Шұбартаулықтардың бастамасына үн қосып, жастық жігермен табыстың тай қазанын қайнатқан. Оқуын күндізгі бөлімге ауыстырып, 1969 жылы жоғарғы оқу орнын бітірді. Киров ауданының жігітпен көңіл қосып, тұрмыс құрған. Село Бағатода вет аптека меңгерушісі қызметінде болған.

Сыныптас қыздары Оқабекова Сайлаукүл, Байдүйсенова Жұмақыз, Абуова Сақы, Айтбаева Жанат, Сатиева Дариға, Оразбаева Күлайша тұрмысқа шығып, бала-шағасын өсіріп, оларды оқытып, тоқытып, тәрбиелеп, солардың рахатына бөленіп келеді.

арнаған азаматтар

Қазіргі таңда отбасыларында ғибратты ғұмыр сүріп келе жатқан ғибраты мол әжелер. Келіндеріне ақылшы.

Кенжеғұлова Береке мектеп бітірген соң Шымкент педагогикалық институтының математика факультетіне оқуға түсіп, бітіріп, Шардара ауданында мектепте мұғалім болып, жастар тәрбиесімен айналысқан.

Ал, Жүнісбеков Төрегелді болса, кеңшарда жұмысшы болып еңбек жолын бастаған, 1963-1964 жылдары Шымкент қаласындағы облыстық халық шығармашылығы үйіне кеңшар есебінен клуб меңгерушісі-баянист мамандығы бойынша оқып, бітіріп, 1965 жылы наурыз айында кеңшарда клуб меңгерушісі болып жұмысқа тұрған. Мәдени жұмыстарды жандандырған.

Кеңшар жастар арасында түрлі мәдени шаралар, концерттер ұйымдастырған.

1965 жылы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепке ән және музыка пәні мұғалімі және үйірме жетекшісі болып ауысқан.

1965 жылы Шымкент педагогикалық институтына оқуға түскен.

1969 жылы аудандық комсомол комитетіне мектептер бөліміне қызметке ауысқан. 1972 жылы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепке мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1973-84 жылдары Шу кеңшарындағы Гагарин атындағы және Жартытөбе кеңшарындағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1985 жылы аудандық білім бөлімінде инспектор, 1986 жылы Созақ кеңшарындағы Ынтымақ ауылындағы Құрманғазы атындағы орталау мектепте директор қызметін атқарды. Жастар тәрбиелеуге белсене қатысты. Білім ұясының жылу жүйесін қалыптастырды.

1988 жылдан 1991 жылға дейін №14 мектеп интернат директоры, 1991-2002 жылдары Ә.Молдағұлова атындағы орта мектепте директор, 2002-2005 жылдары Н.Төреқұлов атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, 2005-2009 жылға дейін Ы.Алтынсарин атындағы мектепте психолог болып, қызметтер атқарған. Мемлекеттік наградалардың иегері. Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі, аудандық мәслихаттың Құрмет грамотасын иеленген, аудан әкімдігінің Құрмет грамотасы т.б көптеген марапаттар алған. Облыстық ардагерлер ұйымының Алғыс хатымен марапатталған. Жанұясында 5 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірген. Бес қызы да ізін жалғастырып, мұғалім мамандығын қалады. Ұлы 9 сыныпта мектепте оқиды. Үлгілі отбасы иесі. Батагөй қария.

Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепті 1963 жылы бітірген түлектер арман жолын қуып, үлкен өмірге қадам басқан сәттен бастап, туған жерді түлетуге, елге қызмет етуді өздеріне парыз санады. Бірі ауылда қалып шопан, механизатор болып еңбек етсе, екіншілері жоғары оқу орындарына түсіп, білім алып, ауылдарына маман болып оралды. Қыз балалар қашанда жат жұрттық. Олар өзі қалаған жігіттерімен жұп құрып, шаңырақтарының берекесін кіргізді.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші, ел жаңарды, заман өзгерді. Десе де мектепті бірге бітірген сыныптастар бір-бірінен қол үзген жоқ. Хабарласып тұрды. Бір-бірінің қызықшылығына, той-томауына барып араласты. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Жастарға ғибратты, өнегелі өмір жолдарымен үлгі бола білді. Кездескен сайын жалынды жастық шақтың қызықтарын айтып, емен-жарқын сырласты. Өткен балалық шаққа са-



яхат жасады. Бала күнгі қызықтарды сағынышпен еске алды.

Уақыт зырлап өте шыққан екен. Бір-бірімен қимай қоштасқалы да алпыс жылдай уақыт болыпты.... Шіркін, балалық шақ қайтып келмейді. Кейде ақсақалдар сол кезді сағынады. Қайта оралмас қайран күндер-ай. Неткен мөлдір мұң десеңші.

Бітіргендеріне жиырма бес жыл болғанда алтын ұя мектептерінде бас қосқан-тын. Қуанысы қауышып, өткен-кеткенді айтқан. Туған жердің әсем табиғатында серуендеп, дүниеден озған сыныптастарына құран бағыштаған. Содан бері де 35 жыл сырғып өте шығыпты. Уақыт дегеніңіз ағып жатқан су секілді. Сырғып барады. Бұл күндері самайларын ақ қырау шалып, ата атанып отыр. Жоғарыда айтқанымыздай өмірдегі әрқайсысының соқпақтары әртүрлі. Бірақ бір ғана мүдде-ел экономикасын көтеру.

Сынып жетекшісі болған Зоя Бектаева апайларының өзі тоқсан жасты алқымдапты. Қандай сүйегі асыл, зейіні мықты кісі. Қазіргі күнге дейін сол кездегі шәкірттерінің қылығын әлі ұмытпаған. Жүздерінен танып сен пәленшесің, сен түгеншесің деп айтпай-ақ танып отыр. Балалық шақта адамның басынан не өтпейді дейсіз. Жастықпен ешнәрсенің байыбына бара бермейсің. Зоя апай шәкірттерінің қателігін түзетіп, түзу жолға салып отыратын. Оларға өз перзенттеріңдей қарап, аялайтын. Тәрбиелеу арқылы сара жолға салып, ақыл-кеңесін айтып, білім нәрін сеуіп, көңіл шуағын төкті. Содан болар олар ұстаздарының жылы жүзін, кең пейілін барынша ұғынды. Ұстаз бала жанының бағбаны десек бұлар сол бағбаны секілді еңбек етті. Жеміс ағаштары шәкірттерін түзу етіп тәрбиелеп, өсірді. Бойларындағы білім мен біліктілігін шәкірттеріне арнады. Сол арқылы оларды түзу етіп тәрбиелей білді. Жемісі олардың жетістіктері. Зор бақыт сол.

Оқушылық кезеңнің қызықты сәттерін қазір күліп отырып, еске алады. Бала көңілдерін биікке көтеріп, олар үшін барын салады. Нәтижесінде олар елге танымал азаматтар атанды. Көбісі ұстаз жолын жалғастырып, мұғалім болды.

Сол кездегі мұғалімдер оқушыларға саналы тәрбие сапалы білім беру жолында тер төкті. Төгілген тер, аянбай еткен еңбек зая кетпегеніне қуанады. Олардың балалық іс-әрекеттері әлі күнге дейін апайларының есінде.

Ол барлығына түсіністікпен қарайтын. Қателіктерін кешіріп, түзу жолға салды.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші тәжірибелі ұстаздардың берген тәлім-тәрбиесінің арқасында біліммен сусындап, үлкен өмірге жолдама алды. Мамандық алып, өз саласы бойынша жемісті еңбек етті. Ауданның экономикасы мен саяси өміріне үлес қосты. Сол мектепте алған тәрбие оларға өмірлік сабақ болды. Елге қызмет етуге олар білек сыбана кірісті. Соның нәтижесінде Құрмет пен абыройға бөленді. Елге сыйлары артты. Жастарға үлгі болды. Қазіргі кезде бір кезгі сыныптастар елдің бетке ұстар азаматтары. Жүрген жерлері ғибратқа толы еңбек ардагерлері қай ортада болмасын ақылы мен парасаты бойындағы ел ақсақалдары қатарында.

Қанша десе де жетпіс бес жастан асқан ел қариялары жүрген жерлерінде елдің бірлігі мен ынтымағына жұмыс жасап жүр.

Қасиетті Баба Түкті Шашты Әзіздің Жылыбұлағынан нәр алған олар бойларына тазалықты, үлкен адамгершілікті серік етті. Қай салада еңбек етсе де көпке үлгі-өнеге көрсетті. Тағылымды тәрбиені басты назарға алды.

Бұл күндері өздерінің бойындағы асыл қасиеттерді кейінгі жастарға, отбасында тәрбиелеп өсіріп отырған ұрпақтарына үйретуден жалыққан емес. Көбісі ардақты Ана, батагөй қария атанған. Жастар оларға қарап бой түзейді. Үлгі алады. Жастық шақтарын елді көркейтуге арнаған азаматтар еткен еңбектерін міндетсінбейді. Олар бұл еңбектерін азаматтың парызымыз деп түсінеді.

Сыныптастардың аналар қауымы, бұрынғы сыныптастар ұлттық салт-дәстүрді насихаттаудан жалықпайды. Құмкент ауылында тұратын сыныптастар «Ақ әжелер» тобының мүшелері. Құмкент ауылының еңбеккерлеріне өнерді насихатап келеді. Ұлттық жасау, қолөнер, кесте

тігу, киіз басу, кілем тоқу сияқты өнерді кеңінен насихатап жүр. Ал ата сыныптастар болса, ат әбзелдерін жасауды, ер тоқым, өмілдірік жасау, қамшы өру, тұсау жасау, шідер жасау сияқты қол өнерді дәріптеп, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге зор үлестерін қосуда. Немерелерін атқа үйретіп, бәйге, көкпар шабуға баулып, жүлдегерлер атандыруда.

Жастары егде тартса да саламатты өмір салтын қалыптастыруды да жандарына серік еткен. Түрлі спорттық жарыстар ұйымдастыруға мұрындық болуда.

Зейнет жасындамыз деп қоғамдық жұмыстардан да қол үзіп кеткен емес. Аудандық болып жатқан іс-шаралар басы-қасында солар жүреді. Ептіліктерін, шымырлықтарын сынап жүрген жастарға баталарын береді.

«Қариясы бар ел-қазыналы ер» деген тәмсіл бекер айтылмаған ғой. Сондықтан олар қай уақытта болмасын жастарға ақылшы. Олар да қарияларды сыйлап құрмет көрсетеді. Адам бойындағы көркем мінездердің мол болғанын қариялар қалайды. Жастардың жат әрекеттерден аулақ болуын күндіз-түні тілейді. Өйткені біздің болашағымыз жастар.

М.Жұмабаев айтқандай қариялар жастарға сенеді. Олардың болашағынан үміт күтеді. «Ұлың жақсы болсын десең ұлы жақсымен қоныстас бол, қызың жақсы болсын десең қызы жақсымен көрші бол дегенді атамыз бекер айтпаса керек. Сол мүддеде жұмыс жүргізсек ұтпасақ ұтылмаспыз деген тіптен рас сөз. Ардагер қариялар барлық уақытта сол ізгі ниетте келеді.

Сонау 1963 жылы Құмкент ауылының Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебін бітіріп, түлек ұшқан сыныптастар бастарын қосып, кездесуді жоспарлап отыр.

Шымқаланың төрінде бір-бірімен қауышысып, сұхбат құруды ойластырған.

Іске сәт 1963 жылы білім ұяларымен қоштасып, үлкен өмірге қанат қаққан Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің түлектері!

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.

Таяуда ауданымыздағы іргелі мектептердің бірі, Жамбыл атындағы орта мектепте Құрмет белгісінің иегері, Кеңес Одағы мен Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, облыстық деңгейдегі дербес зейнеткер, Созақ ауданының Құрметті азаматы Есенбек қажы Керімұлының 80 жылдығына арналған айта жүрердей үлкен шара өтті. Есенбек көкемізді танитын халық та көп көрім жиылыпты.

Қайсыбір жылы көкемнің арнайы шақыртуымен әрі пінәйі себептермен Таукент шаһарындағы Есенбек көкеміздің шаңырағында болдым. Бұрыннан ол кісіге деген ізетіміз бен құрметіміз бар болатын. Оның



спубликалық деңгейдегі тексерулердің барлығында ұжым жұмысы оң нәтижелері берді. Мектеп басшысының және білікті ұстаздардың іс-тәжірибелері республикалық басылымдарда таратылып, мақалалар жазылды.

Тәжірибелі ұстаздардан білім алған шәкірттер білім жөнінен, қолөнер саласынан болған түрлі республикалық сайыстар мен олимпиадалардан жүлделі орындар алды. 1987 жылы «Қазақстан» телеарнасынан арнайы Жамбыл Жабаев атындағы мектеп туралы бір бағдарлама дайындалып, республикаға таратылуының өзі де үлкен жетістік.

Есенбек Керімұлының басшылық

Қасым Қайсеновтің батасын алған

үстіне Есенбек ағамыздың қарындасы Тиышкүл апаймен де аудан әкімі аппаратында қоян-қолтық бірнеше жылдан астам уақыт бірге қызметтес болдық. Тиышкүл апай сабырлы, салмақты, бізге анамыздай қамқор болған жан болатын. Қазіргі күнде ардақты әжелер қатарында жүр. Әңгімемді қайта сабақтасам, Есенбек көкемнің үйінде замандасы созақтық ұлағатты ұстаз Ібіжанов Жұмаш көкеміз қасында Ілескүл апамыз бар екен. Тәрдегі төбе бидей болып Зеберкүл апамыз отыр. Сонда екі шөжіреші кісілерден көп әңгіме тыңдап рахаттанып қайттым.

Мақсат, жадыраған жазда таудағы шаруашылықты да барып таныстырам деп қалған болатын. Не деген дария кісілер деп көңіліме көп дүние жинап қайтқаным бар. Арасында қағытпа әзілдерді де қиюын келтіріп қояды. Кешегі Есіркеп көкеміздің сарқытындай көрінді маған екі қария жанды жадыратар әңгімелерімен. Жамбыл мектебіндегі той керемет өтті. Алдымен мектептің алдында кілем төселіп, орындар қаз қатар тізіліп, үлкен етіп жасатқан Есенбек көкеміздің портреті ілініп, қызылды-жасылды шарлар мен ленталар желмен желбірей түседі. Оның үстіне 30 жыл бір мектепте табан аудармай еңбек ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Аталмыш шарада аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, Есенбек көкеміздің отбасы, жары Зеберкүл апа Нұрәділқызы, Ұлқыздары Гүлнар, Нұрлан, Нұрсәуле, Гүлғайша, Нұржан, Гүлжазира, Жамбыл, Гүлнұр, Хорлан, Хүсни, қарындасы Тынышгүл, сызғандық қайын жұрты, көзін көрген замандастары, ауыл-аймақтағы туыстары болды. Еске алу шарасын аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов пен мектеп директоры Нұрғали Жұмашов ашып Есенбек көкеміздің өмір-дерегіне тоқталды.

Есенбек қажы Керімұлы 15 қаңтарда 1935 жылы Жыныс ата ауылында (қазіргі Таукент елді мекенінде) қатардағы колхозшы отбасында дүниеге келген.

Әкесі - Керім Игібайұлы 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1943 жылы Сталинград майданында қаза тапқан.

Анасы - Далихан Жүнісқызы, Игібай келіні Октябрь-5 колхозына қарасты Тасты кеншарында жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан.

Е. Керімұлы 1953 жылы Ащысай кенішіндегі М. Горький атындағы қазақ орта мектебін бітірген.

Еңбек жолдарына келсек, 1953 жылдың қазан айынан Октябрь-5 колхозында есепшілік қызметінен бастаған. 1954 жылдың қыркүйек айының 1-нен Амангелді Иманов атындағы 7-жылдық мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасады. 1954 жылдың 6 қазанынан 1956 жылдың желтоқсан айына дейін Қиыр Шығыста совет Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1956 жылдың желтоқсан айынан Тасты кеншарындағы Абай атындағы орта



мектепте аға пионер вожаты болып жұмыс жасады. Өндірістен қол үзбей 1963 жылы С.М. Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, филология факультетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, оны 1969 жылы үздік бітірді. 1964-1965 оқу жылынан бастап мектеп басқару ісіне кірісті. 1966 жылдың тамыз айынан 1995 жылдың қыркүйек айына дейін үздіксіз 30 жыл Жамбыл Жабаев атындағы орта мектептің директоры қызметін атқарды. Калинин атындағы совхоздың Балды-су бөлімшесіндегі цех ұйымының хатшысы, саяси жетекшісі болды. Екі дүркін Шолақорған ауылдық кеңесінің депутаты болып сайланды. 1995 жылдың қыркүйек айында облыстық деңгейдегі дербес зейнеткерлікке шықты.

Ігі істері мен жетістіктері, марапаттарын да айтпасқа болмас. Мектеп басқарудағы көреген көшбасшылық қабілеті мен ұстаздық еңбегін бағалап Жоғары орындардың марапат, мақтауына ие болды. 1986 жылы 20 тамызда Советтік Социалистік Республикалар Одағы Президиумы Жарлығымен «Құрмет белгісі» ордені, 1970 ж. В.И. Лениннің туылғанына 100 жыл мерекелік төсбелгісі.

1972 жылы В.И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық пионер ұйымының құрылғанына 50 жыл құрметіне, Бүкіл Одақтық пионер ұйымы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасы мен төсбелгісі; 1986 жылы Советтік Социалистік Республикасы «Халық ағарту-ісінің озаты» төс

белгісі; 1974 жылы Қазақ Советтік Социалистік Республикасы «Халық ағарту-ісінің озаты» төсбелгісі; 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 60-70 жыл мерекелік медалдары; Қазақстан халыққа білім беру Министрлігі құрмет грамотасы; Облыстық білім беру бастығы, Облыстық кәсіп одақ атынан берілген мақтау қағазы; Аудандақ білім бөлімі, Кәсіподақтары мақтау қағаздары; Облыстық партия комитетінің Құрмет тақтасына суреті



ілінді. Облыстық партия комитетінің Құрмет грамотасымен 2 рет марапатталды. Облыстық советтің мақтау қағаздарымен марапатталғаны ел есінде қалды.

Есенбек қажы Керімұлы басшылық еткен кезеңдерде, көреген басшының еңбекқорлығының арқасында Жамбыл Жабаев атындағы мектеп Республикалық деңгейде танымал мектептердің бірі болды. Атап айтатын болсақ кәсіби шеберлігінің арқасында аудандық, облыстық, ре-

еткен тұсында ауданның еш мектебінде жоқ енді ғана шығып жатқан видео камера, соңғы үлгідегі түрлі техникалық оқу құралдарының барлығы осы мектепке берілуінің өзі мектеп басшысы мен ұжымның ерен еңбегінің арқасы.

1968 жылы мектептегі пионер ұйымына Халық қаһарманы, партизан-жазушы - Қасым Қайсенов аты берілді. Сол салтанатты жиын Қасым Қайсеновтің өзінің қатысуымен өтті.

Халық қаһарманы 1977 жылы 31 тамызда екінші рет ат басын бұрып, мектеп табалдырығын жаңадан аттағалы отырған оқушыларды қолынан жетелеп кіріп, бүлдіршіндерге ақ батасын берді.

Сонымен қатар, мектепте басқа да танымал ақын, жазушылар талай рет қонақта болды. Олар: Жарылқасын Боранбаев, Үсен Шойбеков және тағы басқа да елдің танымал тұлғалары осы мектептің табалдырығын аттаған.

Бүгінгі таңда Есенбек Керімұлының шәкірттері түрлі салада еңбек етіп келеді. Өзі басқарған мектепті де қазіргі таңда басқарып отырған Нұрғали Сәбденұлы және директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Ілес Шәмәтұлы да өз шәкірттері екенін атап айтқымыз келеді.

Есенбек көкеміздің 80 жылдық еске алу шарасында жары Зеберкүл апамыз, Бекбай, Тоқтарбай, Сұлтан көкелер, 1975 жылы бітірген түлек-

тер, қызы Гүлнар, немерелері Оспан Рақымжан, Есенбек Мұхаммеджан ұлағатты ұстаз Есенбек көкеміз туралы естеліктерімен бөлісті.

Бүкіл саналы ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеп, білім жолында өлшеусіз үлес қосқан ұстаздың еңбегі еш уақытта ұмытылмақ емес.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі.

Ұрлықтың түбі-қорлық

«Малым – жанымның, жаным – арымның садақасы» деп отырған ауылдағы ағайынның берекесін қашырып, жылқысын үйірімен жымқыратын осы ұрылар. Әрине, біз айла-тәсілдерін біле бермеспіз. Дегенмен, бұл мақала мал баққан елдің сабырын қашырып, күмәнін сейілтпесе де, сақтыққа шақырады деген ойдамыз. Әрине, халқымыз үшін күн

- 10 жыл, аса ірі көлемде және қылмыстық топ болып жасаса 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Айтап айтсақ, мал ұрлығын алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен немесе ірі мөлшерде жасау, бірнеше рет немесе тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе



көріс көзі болып табылатын, адал еңбегі, маңдай терімен жинаған малының орны ерекше. Дегенмен біреудің адал еңбегімен жинаған малына көз салып, оңай олжаға кенелгісі келетіндер де жоқ емес. Мал ұрлығының күннен күнге өршіп, тиырмай тұрғаны бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі десек қателеспейміз.

Осыған орай азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, олардың меншік құқығының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына кезекті Жолдауында мал ұрлығы үшін жазаны қатаңдату қажет екенін атап өткен болатын.

Осы негізде 2019 жылдың 27 желтоқсанында Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Аталған Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне 188-1 «мал ұрлығы» деген арнайы бап енгізілді.

Қазір мал ұрлау - кәсіпке айналған. Оны көбіне топ болып, алдын ала сөз байласып қора-жайға заңсыз кіріп, жымқырады.

Қылмыстық кодексте адамдар тобы болып, алдын ала сөз байласу арқылы ірі көлемде қылмыс жасаса - 7 жылға дейін, бірнеше рет немесе мал қораға, қоймаға заңсыз кіру арқылы жасаса

өзге де қойманың ауласына кірумен жасау, қылмыстық топпен немесе аса ірі мөлшерде жасау әрекеттері ауыр қылмыстар санатына енгізілген.

Бұл дегеніміз осы әрекеттер арқылы мал ұрлығы жасалса, ҚК-нің 68-бабы қолданылмайды, яғни құқық бұзушы жәбірленушімен татуласып, келтірілген шығынның орнын толтырған жағдайдың өзінде қылмыстық жауапкершіліктен босатуға жатпайды.

Мал ұрлығы үшін жазаны қатаңдатылғанына, ол жайлы ақпарат құралдарында жарыса жазып, түсіндірме жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан мал ұрлығы азаяр емес.

Қылмыстық Кодекске мал ұрлығы бойынша жауаптылық көзделген жаңа бап енгізілгені бері Созақ аудандық сотында аталған ҚК-нің 188-1 бабымен 2021 жылы -5 адамға қатысты 3 қылмыстық іс, 2022 жылы 2 адамға қатысты 1 қылмыстық іс қаралған. Және сотталғандардың барлығына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Қорыта келе, Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен мал ұрлығын жасаған адамдарға қатысты жазаны қатаңдату, аталған санаттағы қылмыстардың санының азайып, атакәсіппен айналысатын ауыл тұрғындарының одан әрі шаруасын дөңгелетіп, меншік құқығының қорғалуына заңмен кепілдік беретінінің айғағы деп есептейміз.

А.ДӘУРЕНБЕКОВ,
Созақ аудандық сотының төрағасы.

«Созақ үні» газеті редакциясының еңбек ұжымы Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестігінің төрағасы, ақын, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ауданның Құрметті азаматы, еңбек ардагері Мыңжасар Асқаровқа ағасы

Көпжасардың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Айбынды жастар-ел ертеңі

Қазақ халқы қай кезде де өзінің болашағы саналатын жастар тәрбиесіне аса көңіл бөлген. Ұлыстың аманатын арқалаған жас ұрпақты тәрбиелеудің сан түрі бар. Соның бірі ұрпақты патриотизм үлгісінде тәрбиелеу болып саналады. Жастарды патриотизмге баулудағы бастапқы әскери дайындықтың рөлі жоғары. Бұл балалар мен жасөспірімдердің бойында тәртіпті, жауапкершілікті, билікке деген құрметті қалыптастыруға көмектеседі.

Алғашқы әскери дайындықтағы маңызды сәттердің бірі – жыл сайынғы жарыс. Біздің мектеп оқушылары өткен жылы облыстық жарыста туды қорғаумен робототехника саласынан жүлделі 1-орынды, ал арқада жатып денені көтеруден жүлделі 3-орынды иеленді. Осы жылы да өз өнерімізді көрсетуді асыға күтудеміз. Жаттығулар бірнеше ай бұрын басталды, біз қазірдің өзінде нәтижелерімізді айтарлықтай жақсарттық. Жаттығудың негізгі аспектілері бұл автоматты шашып, жинау, арқада жатып денені көтеру, турникке тартылу және мылтықпен нысананы көздеп ату. Біз тек мылтықты көздеп қана қоймай, қаруды дұрыс ұстауды, оның жағдайын бақылап, бөлшектеп, құрастыруды үйренеміз. Бұл жарыстар жақсы



нәтижелерге қол жеткізу үшін ғана емес, қаруды ұстау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін де өте маңызды. Сонымен қатар, физикалық дайындығымызды жақсарту үшін эстафеталық жүгіру және әр түрлі жаттығуларды жасаймыз. Біз ең жақсы нәтижеге жету үшін топта жұмыс істеуді және өз әрекеттерімізді өзара үйлестіруді үйренеміз.

Кейбіреулер «Әскерге бармаймыз, бұл бізге не үшін керек?» деген сияқты сұрақтар қоюы мүмкін. Дегенмен, алғашқы әскери дайындық физикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық пен тұлғалық дамуымызды қалыптастырады. Біз тәртіп және жауапкершілікті, басқа адамдарды және өз елімізді құрметтеуге

үйренеміз. Еліміздің жақсы азаматы әрі патриоты болу үшін алғашқы әскери дайындықтың маңызы зор.

Қорытындылай келе, алғашқы әскери дайындықтың мәні-бұл дене бітімімізді шыңдау ғана емес, мінез-құлқымызды, болмысымызды қалыптастыру екенін түсінеміз. Бұл жолғы жарыстарда жүлделі орындардың бірін иеленеміз деп нық сенемін! Сондай-ақ бізге сенім артып, демеушілік жасаған Созақ ауданының адами

әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Нұрәлі Тұрдыұлы Айдаровқа, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Амангелдіұлы Әділетке, Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы подполковник Маналов Ерлан Қалмаханұлына, Нәзір Төрехұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің директоры Алимбекова Гүлсара Сейітханқызына және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі ұстазымыз Шарфутдинов Сұлтан ағайға алғысымызды білдіреміз.

Нұрай АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,
Нәзір Төрехұлов атындағы ІТ лицейінің 9 г сынып оқушысы.

Моншаға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

Монша – бұл адам ағзасына пайдалы сауықтыру құралдарының бірі ретінде ежелден белгілі. Монша соңғы кезде өзінің тікелей міндеті – санитарлық-гигиеналық тазалықты сақтайтын ғана емес, сонымен қатар, достармен бас қосатын орынға да айналды. Сондықтан соңғы уақытта жеке моншалар: элиталық, жабық, VIP моншалар және т.б. барлық жерде ашылуда.

Созақ аудандық санитариялық бақылау басқармасы тұрмыстық қызмет (монша) көрсететін кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № ҚР ДСМ-67 бұйрығымен бекітілген «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы талаптарын орындау қажеттігін ескертеді.

Моншалар жеке тұрған ғимараттарда орналасуы тиіс. Моншаға ылғалға, температураға, жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдар пайдаланылуы қажет. Моншаның үй-жайларындағы жиһаздың үстіңгі қабаты тегіс, ылғалды жууға болатын және дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге төзімді болуы керек.

- моншаны таза ұстау. Кәріз траптарының бітелуіне және еденде лас судың жиналуына жол бермеу;

- жуынатын бөлмедегі шылапшын, ванналарды өңдеу үшін дезинфекциялау ерітінділері бар ыдыс, тазалау құралдарын, щеткаларды, шүберектерді дайындау;

- Легендер (шылапшын), ваннаны дезинфекциялау және сумен жуу;

- әрбір келушіден кейін резеңке аяқ киімді фунгицидтік әсері бар дезинфекциялық құралдармен өңдеу;

- бұмен қыздыратын бөлмені қоспағанда, моншадағы бөлмелерді қоқысқа арналған урналармен қамтамасыз ету;

- моншаның жуыну-шайыну орындарында кір жууға және оны кептіруге, моншаны пайдалануға қатысты жоқ заттарды сақтауға жол бермеу;

-дезинфекциялық ерітінділерді олардың атауы, мөлшері және дайындалған күні көрсетілген ыдыстарда, дезинфекциялық затты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, белгіленген мөлшерде дайындап сақтау.

Монша қызметкерлері арнайы киімде болуы қажет, алдын ала жұмысқа қабылданған кезде және белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексеруден өтуі керек.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

